

ПРИВЛЕЧЕНИЕ ФИНАНСИРОВАНИЯ ОТ FORTE, ОДНОГО ИЗ КРУПНЕЙШИХ БАНКОВ КАЗАХСТАНА, ПОМОЖЕТ АО «НК «ҚТЖ» РЕАЛИЗОВАТЬ ПЛАНЫ ПО ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПОЛИТИКЕ И ПОЗВОЛИТ ВЫПОЛНИТЬ РЯД ЗАПЛАНИРОВАННЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КОМПАНИИ. В ЧАСТНОСТИ, ҚТЖ ПЛАНИРУЕТ МОДЕРНИЗАЦИЮ ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ МОЩНОСТЕЙ, А ТАКЖЕ АДАПТАЦИЮ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ К ВОЗРАСТАЮЩИМ ПОТРЕБНОСТЯМ РЫНКА ТРАНСГРАНИЧНЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕВОЗОК.



Даир КУШЕРОВ,
управляющий директор по финансам АО «НК «ҚТЖ»



№48 (2763)
28/06/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



HR ALANY: КОМПЛЕКСНЫЙ ПОДХОД

В АО «НК «ҚТЖ» состоялся третий модуль HR-Академии HR ALANY. На торжественном открытии мероприятия выступил руководитель аппарата компании Серик Кеулиджаев, который в своей речи подчеркнул важность и необходимость этого события для каждого присутствующего в частности и для всей компании в целом.

Асель ШАЙХЫНОВА
Нур-Султан

HR-Академия ставит своей целью развитие профессиональных и личностно-деловых компетенций для повышения эффективности производства в условиях постоянных изменений, трансформации и цифровизации бизнеса, внешних вызовов и рыночных изменений. Программа обучения содержит комплексный

подход в управлении человеческими ресурсами, имеет прикладной характер и нацелена на повышение организационной эффективности и реализацию HR стратегии АО «НК «ҚТЖ».

В панельной сессии «HR в современном мире» участвовали директора департаментов управления человеческими ресурсами портфельных компаний АО ФНБ «Самрук-Қазына». По мнению Эльмиры Каримовой, Ляззат

Кожаметовой и Айгуль Азиралиевой, дискуссия позволила шире взглянуть на профессию HR-работника, определила точки соприкосновения и их ответственность.

Заместитель гендиректора ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Шолпан Омарбекова отметила, что основу каждого бизнеса составляют профессиональные сотрудники с развитыми компетенциями и готовые к изменениям.

Слушатели HR-Академии (90 пред-

ставителей региональных структур, филиалов и дочерних организаций) рассказали личные истории изменений и роста в формате TED TALKS. В течение трех месяцев они погружались в вопросы кадрового делопроизводства, совокупного вознаграждения, корпоративной культуры, рекрутинга и многого другого.

Важно, что обучение впервые наряду с работниками HR проходили менеджеры по труду и заработной плате. Это позволило им улучшить внутренние коммуникации и находить эффективные подходы в решении поставленных задач. По их признанию, теперь они будут применять полученные знания и развивать свой профессионализм на практике.

По итогам слушателям вручены сертификаты.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ТРАНСКАСПИЙ БАҒДАРЫНДА ЖҮТЕМЕ АРТҚАН

Транскаспийлік халықаралық көлік бағдары бойынша жүк ағыны көбейген. Биылғы жылдың бес айында ТХКБ арқылы контейнер тасымалы 42 пайызға артып отыр. Бұл белгілі бір деңгейде осы бағдардағы инфрақұрылымға күш түсіруде.



Себебі басқа бағдарлар бойынша жүк жөнелтіп келген экспорттерлердің бір бөлігі ТХКБ бағытына көше бастаған. «ТХКБ» халықаралық қауымдастығының бас хатшысы Гайдар Абдикеримовтың айтуынша, жүк ағынының кенеттен күрт артуына орай бүгінде инфрақұрылымды ұлғайтуға байланысты ауқымды жұмыстар атқарылууда. Қазіргі таңда бұл бағдарды 8 ел, атап айтқанда, Қытай, Қазақстан, Әзірбайжан, Түркия, Румыния, Грузия, Украина, Польша елдері пайдаланып отырса, жыл соңына қарай олардың қатары тағы да артады деген болжам бар. Өйткені қауымдастыққа мүше болғысы келетіндер қатары өте көп.

Ресми түрде біздің бағдармен тасымалдауға өтінім берілген жүктер көлемі 10 млн тоннадан асты. Әрине бұл бұған дайын болмадық. Осыған орай бұл мүмкіндік тиімді пайдаланып, жылдамдатып өткізу қабілетімізді арттырып, жоспарлауға септік ететін өзара іс-қимылдың бірнеше үлгілерін ұсындық, – дейді бас хатшы.

Ол сондай-ақ бағдар бойынша осал тұстарды да атап өтті. Солардың бірі Каспий телімі. Мұнда әсіресе, теміржол бойынша паром кемелері жетіспейді екен. Бұл теңізде 5 мемлекеттің бассейні бар, соның ішінде Қазақстанда осы мәселе кездеседі. Екі апта бұрын ҚР индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі биыл 4 паром құрылысы салынатынын мәлімдеген. Дегенмен соның өзі бүгінгі артып отырған жүк ағыны бойынша тасымалды толық қамтамасыз етуге аздық ететін түрі бар. Бас хатшының айтуынша, тағы бір фактор пандемия кезінде бұл бағдарлар жұмысы тоқтап қалып, енді қайта ашылғанда экспорттерлер өткен жылда жіберіп алған тасымал көлемін екі есе жүктемемен өткізуге тырысуда екен. Бұл да аталған бағдар жүктемесін арттыра түскен. Дегенмен «ТХКБ» қауымдастығы тарапынан туындап отырған түйткілді мәселелерді шешіп, суранысты толық қанағаттандыру үшін нақты шаралар қолға алынып жатыр екен.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БАТЫС ӨҢІРІНДЕ ЖҮРІП ЖАТҚАН АВТОЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНА ЖҮК ЖЕТКІЗУ ҮШІН «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ПАРКІНІҢ

3000

АШЫҚ ВАГОНЫ ЖҰМЫЛДЫРЫЛЫП ОТЫР.

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ БЕС АЙЫНДА «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ ЖАСАҚТАҒАН ПОЙЫЗДАРМЕН

5 млн

АСТАМ ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАНҒАН.

ЖАЛ БАСЫНАН БЕРГІ ҚАҢТАР-МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА «КҮТУ ПАРАҒЫ» АЛАҒЫНА

97 000

ЖУЫҚ ӨТІНІМ КЕЛІП ТҮСКЕН. СОНЫҢ ЖЕТПІС ПАЙЫЗЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛҒАН.

Медпоезд ПОМОЩЬ ДАЛЬНЕГО СЛЕДОВАНИЯ

Более 120 жителей отдаленных станций Алматинской области получили медицинскую помощь в специализированном поезде «Саламатты Қазақстан».

Айлин БАУРЖАН,
Алматы

20 июня медицинский поезд отправился по территории Алматинской области. На данный момент он проехал четыре станции: Байсерке, Екпінді, Атлыңкөл, Коскудук, где находится с 20 по 27 июня. На данный момент состав направляется в Малайсары.

С момента запуска поезда его посетили уже 120 человек, из них – 14 детей, проведено 15 малых хирургических операций, при этом количество посещений врачей составило около 500.

В рамках проекта жителям отдаленных станций, не имеющим доступа к медицинскому обслуживанию, оказывают бесплатную медико-санитарную и консультативно-диагностическую помощь. В составе медицинских бригад находятся терапевты, стоматологи, окулисты, маммологи, невропатологи, кардиологи и другие специалисты.



После Алматинской области медицинский поезд отправится в Восточно-Казахстанскую, Павлодарскую, Ақмолинскую и Карагандинскую области.

Напомним, «Саламатты Қазақстан» стал вторым поездом по проекту. С 23 мая медпоезд «Жәрдем» начал оказывать бесплатную медицинскую помощь в отдаленных районах страны. В целом ожидается, что «Жәрдем» и «Саламатты Қазақстан» охватят 60 000 человек, число врачебных посещений к специалистам составит 100 000, диагностических процедур – 18 000, малых хирургических операций – 1 200, стоматологическая помощь будет оказана 8 000 пациентов.



Баршагүл ОМАРОВА,
Семей ЖТ бөлімшесі ғылыми-техникалық ақпарат және сараптама орталығының бастығы:

БҮГІНГІ ТАҢДА «ҚТЖ» АҚ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУҒА ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫСТАРЫН ҚОЛДАУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРУДЕ. РАЦИОНАЛИЗАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРСЕК ЖАҢА ТЕХНИКАЛАРМЕН ДАМУАТЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗІП, ӨНДІРСІЗ КӨРСЕТКІШТЕРІН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУГЕ СЕПТІК ЕТЕДІ!

КҮШЕЙТІЛГЕН ЖҰМЫС РЕЖИМІНЕ КӨШТІ



Ел шығысындағы Семей ЖТ бөлімшесінің теміржолшылары қозғалыс қауіпсіздігі бойынша күшейтілген режимге көшті. Оған бірнеше факторлар себеп болуда. Аталмыш шаралар аясында бірқатар жоспарлы жұмыстар жүргізу де межеленіп отыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бөлімше көлемінде соңғы бес айдағы пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі бойынша көрсеткіштер көңіл көншітпейді. Бірқатар ереже бұзу жағдайлары да орын алған. Сол себепті Семей жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Владимир Бабиченконың №673-ші бұйрығы бойынша ағымдағы жылдың маусым айының 15-ші жұдызынан бастап, келер айдың 15-не дейінгі аралықта «Қозғалыс

қауіпсіздігінің қатаңдатылған режимі» күшіне енгізілді. Мақсат – желі бойындағы және маневрлік жұмыстар кезіндегі жылжымалы құрамдардың қауіпсіздігін сақтау және бұл бағыттағы көрсеткіштерді жақсарту болып отыр. Бұл орайда «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басқарма төрағасының маусымның 14-і күнгі №86ЖТ бұйрығын орындау бастылыққа алынған.

Күшейтілген жұмыс режимі аясында жоспардан тыс тексерулер жүргізу, әсіресе қозғалыс

саласы бойынша түнгі мезгілде бақылау шараларын күшейту, вагон қараушылар мен пойыз құрастырушыларға жүктелген міндеттемелердің орындалуын тексеру сынды жұмыстар орын алуда. Бұл реттегі шаралар осыған дейін де өткізілген болатын. Атап айтсақ, өткен аптада қозғалыс шаруашылығында күшейтілген жұмыс апталығы ұйымдастырылған. Оның барысында қозғалыс қауіпсіздігін үздіксіз сақтап қана қоймай, еңбекті қорғау және желі бойындағы өрт қауіпсіздігі де на-

зарға алынды. Апталық аясында әсіресе станция қызметкерлеріне зор жауапкершілік жүктелді.

Ал, маусым айының 20-26 аралығында бөлімше көлемінде «Қазтеміртранс» АҚ шаруашылығы бойынша күшейтілген жұмыс апталығы енгізілген-ді. Вагонмен үздіксіз қамтамасыз ете отырып, қауіпсіздікті сақтаудағы үдеріс барысы қатаң қадағалауға алынып, басты назарға қойылды.

Жалпы, шығыстағы теміржолшылар үшін қырағалық пен серектікті арттыра түсу артықтық



етпейді. Себебі, бөлімшенің Зашита өңірінде қозғалысқа елеулі нұқсан келтіретін бірқатар жағдайлар орын алғаны белгілі. Атап айтсақ, өткен аптаның соңында «Көкжиек-Күмістау» теміржол учаскесінің 95-ші шақырымында жүк пойызының вагондары релістен шығып кеткен болатын. Бұл өңірдегі соңғы үш айдың ішінде

осымен үшінші оқиға саналады. Қазіргі күні күшейтілген жұмыс режимі мен арнайы ұйымдастырылған апталықтар аясында шаруашылық ревизорлары, еңбекті қорғау инженерлері мен өндірістік-техникалық бөлім қызметкерлері де қауырт жұмысқа көшірілген.

Суретті түсірген автор

ТЕМІРБЕТОНДЫ НЕГІЗГЕ КӨШІРДІ

Нұрбек БЕКЕН,
Нұр-Сұлтан



«Теміржол жөндеу» ЖШС-не қарасты Астана ПМС мекемесі Ерейментау – Қоржынкөл аралығындағы теміржолға күрделі жөндеу жүргізді.

Жуырда күрделі жөндеу жұмыстарына байланысты кезекті технологиялық толаскез алынып, 2925 метр жол теліміне су жаңа темірбетонды рельс-шпалды торкөзі төселді. Соның ішінде, жөндеу жүргізілген жолдың 90 пайызы қисық телімді болатын және жалпы ұзындығы 750 метр болатын алты ойық жасалды.

Толаскез белгіленген уақыт ішінде атқарылып, аталған жол аралығында темірбетонды рельс-шпалды торкөзін төсеу жұмыстары толық және сәтті аяқталды. Рельс Ақтөбе зауытында жасалған отандық өнім екенін айта кеткен жөн.

Жалпы, соңғы жылдары жол жөндеу жұмыстарына пайдаланып жатқан рельстің бәрі отандық өнім екенін ескерсек, Ақтөбе рельс-арқалық зауытының қуаты ішкі нарықты толық қамтамасыз етіп отырғанын байқауға болады.

ҚОСЫМША ВАГОНДАР ТІРКЕЛГЕН

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Батыс аймағында жаз маусымына байланысты Алматы бағытындағы жолаушылар пойыздарына сұраныс артады. Сондықтан биыл оңтүстік астанаға қатынайтын №24, №34 жолаушы пойыздарына екі вагоннан тіркеліп отыр.



Ақтөбе теміржол вокзалында ығы-жығы халық, жаз маусымына байланысты жолаушылар қарқыны екі есеге артқан. Өңір тұрғындарының арасында демалыс сапарын теміржол қызметі арқылы жоспарлайтындар да көбейген. Соның ішінде Алматы, Маңғыстау бағытындағы пойыздар билеті күні бұрын сатылып кетеді.

«Вагондарды тіркеу кестесін жасау кезінде жолаушылардың сұранысы ескеріледі. Қазіргі уақытта Алматы бағытына сұраныс өте көп. Туристтік маусым қажеттілігін ескеріп, қосымша вагондар қосылып жатыр», – дейді Ақтөбе теміржол вокзалының басшысы Тойбазар Қуанышев.


Қазіргі күні Ақтөбе вокзалы тәулігіне 8 жұп және 11 тақ пойызын қабылдап отыр. Күніге үш мыңнан аса адам вокзал қызметін пайдаланады. Вокзал басшысының айтуынша, жолаушылардың дені жол жүру билеттерін теміржол компаниясының BILET.RAILWAYS.KZ сайты немесе «ҚТЖ билеттері» мобильді қосымшасы арқылы онлайн ресімдейді.

«Жолаушылар билет алуды электронды түрде рәсімдеуді меңгеріп алған, орын болмаған жағдайда «Құту парағы» арқылы сұраныс жасауды да біледі. Бірақ, сонда да вокзалдағы билет кассаларының алды босамайды», – дейді вокзал басшысы.

Фото автордан

ШЫҒЫНДЫ ТӨЛЕУГЕ МІНДЕТТЕУ ҚАЖЕТ

Қосыйм МҰҚАШЕВ,
Атырау



Теміржолшылар үшін ең өзекті тақырыпқа айналған мал басу оқиғасы жазғытұрым көбеймесе, азаймаған. Себебі, жер аяғы кеңіген, жаз мезгілінде далада мал қараусыз өріп жүр. Сондықтан тепловоздардың шұғыл тежеуі де артып кеткен.

Атырау локомотив пайдаланым депосы бойынша биылғы жылдың 5 айында малдың жолға шығуының 101 оқиғасы тіркелген. Ал, жолға шыққан малды баспау үшін локомотивті шұғыл тежеу 107 рет тіркеліп, пойызға басылған мал басы 17-ге жеткен. Олардың бәрі сиыр, жылқы, түйе сынды ірі қара мал. Мамыр айының өзінде 30 шұғыл тежеу болып, 1 мал басылған. «Жол бойындағы мал нағыз «бас ауру» болып отыр. Шұғыл тежеудің өз зияны бар – тепловоз тұрып қалады, бүлінеді, уақыт кетеді, жанармай шығындалады, жолаушы пойызы болса жолаушыға қауіп төнеді, вагон аударылып жолдан шығып кетуі мүмкін. Қай күні апат болады деп отырмай, алдын алып, халық төрт түлігіне ие болатындай амал ойластыру қажет», – дейді депо инженері А. Қонарбаев.

Әсіресе қауіпті саналатын телімдер Атырау-Махамбет, Махамбет-Қызылжар, Бақсай-Аққыстау, Құлсары-Шоқпартоғай, Жантерек-Мұқыр-Сағыз, Ганюшино-Атырау аралықтары екен. Теміржолшылардың айтуынша, бұл мәселені жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының қатысуынсыз шешу мүмкін емес. Мал бағу ережелері туралы жүздеген тұрғынға ескертуден бөлек, ережеден үзінді көшірме берілсе де, нәтиже болмай тұр, мал жол бойында жосып жүр. Сондықтан ендігі жерде мал иелері мен жергілікті әкімдікті теміржолдың шығын төлеуге міндеттеуді заңмен бекіту қажет деседі теміржолшылар.



ЖАСТАР САЯСАТЫ

Өткен жексенбі күні «Балқарағай» демалыс аймағында «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «100 жас есімі» жобасы жеңімпаздарының білім-біліктілігін шыңдауға арналған оқу бағдарламасының екінші модулі іске қосылды. Жобаның мақсаты – компанияның жас қызметкерлерінің әдептілік, меритократия, кәсібилік және белсенділік идеяларын ілгерілету.

«100 ЖАС ЕСІМ»: БІЛІМ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТУ ЖАЛҒАСУДА

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Жиындар ашқан «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Сауле Истлеева, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 100 жас есімі жобасы жастар саясаты аясында жүзеге асырылып, компанияның жас кадрлық әлеуетін дамытуға бағытталып отырғанын атап өтті.

«Компания басшылығы жас қызметкерлердің бастамасына үлкен үміт артып, олар жергілікті жерлерде басты тұлғаға айналып, бизнес-процестерді және жолаушылар тасымалындағы сервисті жақсартуға бағытталған жобаларды ұсынып, жүзеге асыра алады деп сенеді. Әрине, мұның бәрі сіздерге байланысты», – деді ол өз сөзінде.

Ал «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Мұрат Төрегелдин өз сөзінде Ұлттық компанияның, соның ішінде, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның одан әрі қарай дамып, ілгерілеуі үшін инновациялық жобалар ұсынып, озық тәжірибелер енгізетін жалынды жастар аядай қажет екенін жеткізді. Ал «100 жас есімі» жобасы 350-ден астам жастың арасынан ең үздіктерін, бәсекелестікке қабілетті жастарды іріктеп алуға ықпал еткен бағдарлама екенін айта келіп, жоба жеңімпаздарын

компанияның өсіп-өркендеу жолында бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

«Жыл сайын Жастар саясаты шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да әртүрлі жобалар жүзеге асырылып келеді. Соның бірі «ҚТЖ-ның 100 жас есімі» байқауы болатын. Осы жоба жеңімпаздарын оқытудың 4-ші модулінің жабылуы барысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Н. Сауранбаев эстафетаны «Жолаушылар тасымалы»



Одан әрі қарай үміткерлердің әрқайсысымен ҚТЖ-ның ішкі жаттықтырушылары жоғарыда атап өткен үш бағыт бойынша жеке-жеке сұхбат жүргізді. Ең соңғы турда қатысушылар сараптамалық іріктеуден өтіп, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «100 жас есімі» тізіміне енген жеңімпаздар анықталды. Бүгін біз осы жобаның екінші модулін іске қосып отырмыз», – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның Персоналды басқару департаментінің директоры Майра Ермаханбетова.

Оқу бағдарламасы аясында жобаға қатысушылар тренингтер мен интерактивті, командалық ойындарға қатысты. Викторина, сұрақ-жауап, тапқырлық сайыстарында бақ сынады. Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Суреттерді түсірген

ЭКШН-КАМЕРАЛАР ТИІМДІЛІГІ



ҚАУІПСІЗДІК

Ақтөбеде электрмен жабдықтау дистанциясы экшн-камералармен жұмысты жандандырды. Қауіпсіздікті бақылаудың цифры жүйесі қолдануға да жеңіл.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Бүгінде дистанцияға 14 экшн-камера бар. Олар дистанцияға қарайтын 7 электрмен жабдықтау аудандарына екі-екіден таратылған. Қалтаға, қорғаныш бас киіміне немесе қолға ұстап жүріп түсіруге ыңғайлы камераның сыйымдылығы да жоғары. Жұмыстың басталған сәтінен камера қосылып, барлық әрекет таспаға жазылады. Бейнебақылаудағы жазба арқылы кейін жұмыс барысын қадағалап, жіберілген қателіктерге талдау жұмыстары жүргізіледі.

«Экшн-камералар 2021 жылдан бастап қолданыста. Барлық жұмысты бақылауға тиімді. Камераға сақталған жазбалар аудандардан айына бір рет дистанцияға әкелініп, онда түсірілген жазбаларға сараптама жасаймыз», – дейді Ақтөбе электрмен жабдықтау дистанциясының өндірістік оқыту шебері Қуанышбек Инжилисов.

Экшн-камераларға түскен жазбалар арқылы қауіпсіздіктің сақталу тәртібін бақылау жеңілдеген. Жұмыс кезіндегі адами факторлар, асығыс әрекетпен жол берілген қателіктер камерадан тайға таңба басқандай көрініп тұрады. Сараптама кезінде монтерлерге жазбадағы қателіктер көрсетіліп, оны қайталамау түсіндіріледі.

Экшн-камераның ерекшелігі мол. Шұғыл қозғалыс кезінде де анық түсіру мүмкіндігіне ие. Маңызды сәттерде кедергі жасамас үшін шағын өлшемді және салмағы да жеңіл етіп жасалған. Қарапайым бейнекамераға қарағанда әлдеқайда шағын және корпусы берік, соққыға және су мен ылғалға төзімділігі жоғары.

Ақтөбе электрмен жабдықтау дистанциясының өндірістік оқыту шебері оқу-жаттығу кезінде де экшн-камераны қолданып жүргенін айтты.

«Оқу жаттығу алаңындағы жұмыстар да экшн-камераға түсіріледі. Мұны бәрі



қауіпсіздіктің сақталуына, сақ болуға үйретеді. Жыл басынан бері Орал, Қазақстан, Ақтөбе аумағындағы барлық аудандарды аралап шықтым. Техникалық қауіпсіздікті қадағалаумен қатар жаңадан шыққан заңдар, бұйрықтар мен өзгерістер туралы ақпарат береміз. Қазақстан теміржолындағы тың жобаларды таныстырамыз», – дейді Қуанышбек Инжилисов.

Ақтөбе электрмен жабдықтау дистанциясының барлық аудандарын қосқанда штатта 225 қызметкер бар. Әр ауданда арнайы жоспар бойынша техникалық сабақтар тұрақты өтеді. Айына екі рет 80 минуттан барлық мекеме қызметкерлері техникалық қауіпсіздік дәрісіне қатысады.

Суретті түсірген автор

ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮШ БІРІКТІРІП...



КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ

Маңғыстау станциясындағы әскерилендірілген теміржол күзетінің шұғыл әрекет ету тобы жыл басынан бері теміржолдағы екі қылмыстың ашылуына ықпал етті.

Айсұлтан АРМАН,
Маңғыстау

Қылмыстық фактілердің ізін суытпай анықтауда желілік полиция қызметкерлерінің жұмысын жеңілдеткен олар теміржол күзетінде аянбай еңбек етуде. Жоғарыда аталған екі оқиғаның біреуінде топ күзетшілері Маңғыстау станциясында теміржол торабының бөлшектерін ұрлаған тұрғынды ұстап, желілік полицияға тапсырған. Екінші жағдай Сай-Өтеқ станциясында орын алған. Жолаушылар пойызының терезесін қасақана шаққан адамды анықтап, оған да тиісті шара қолдану үшін тәртіп сақшыларына табыстаған. Одан бөлек топ күзетшілері полиция қыз-



меткерлерімен бірлесе теміржолдың белгіленбеген жерінен өткен 44 адамды тоқтатып, оларға әкімшілік шара қолданылған.

– Біз желілік полиция өкілдерімен тығыз байланыстамыз. Олармен бірлесе атқаратын өз жоспарларымыз бар. Жақында Маңғыстау станциясындағы желілік полицияның қылмыстық

іздістері тобы қызметкерлерімен тәжірибе алмасу ұйымдастырдық. Кездесу Маңғыстау станциясында паркте тұрған жүк вагондарының қасында өтті. Теміржолмен өтіп жатқан жүк вагондарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды ашу, тонау сынды қылмыстық жағдайлардың жолын кесу, орын алған жағдайда қалай әрекет ету керек, бәрін кеңесіп, тәжірибе алмастық», – дейді бұл туралы ақпарат берген Маңғыстау станциясындағы шұғыл әрекет ететін оңтайлы топ бастығының орынбасары Мәди Үндемесов.

Оның айтуынша, шұғыл әрекет ететін оңтайлы топ полиция өкілдерімен бірге өткен жылы да теміржолдағы үш қылмыстық істі әшкерелеген. Айталық, топ күзетшілері контейнердегі жүкті ұрлаған үш азаматты қылмыс үстіңде ұстаған. Нәтижесінде оңай олжа таппақ болған пайданумендер заң органдарына жеткізіліп, 3,5-4 жылға дейін бас бостандығынан айырылған.

Суретті түсірген автор

МАСТЕР-КЛАСС ДЛЯ РУКОВОДСТВА



ОСМОТР

На базе станции Караганда-Сортировочная состоялась учебно-показательный комиссионный осмотр для начальников станции. В мероприятии приняли участие руководители железнодорожных узлов Карагандинского региона – Майкудук, Темиртау, Мырза, Кызылжар, Акадыр, Шокай, Жомарт, Карабас, Жанаул, Дария и других.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В ходе показательного осмотра главный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» по Карагандинскому региону Булатбек Альмуразаев отметил важность обучения назначенных начальников и их заместителей.

– Нами охвачены темы содержания пути по уровню, шаблону, в переводной кривой, в районе крестовины, где особое внимание необходимо уделять проходу колесных пар по мертвой зоне. Кроме того, мы разобрали крепление соединительных, переводных и рабочих тяг, – рассказал Булатбек Альмуразаев.

Затронуты также темы выкрашивания остряков, содержания рабочего остряка на одном уровне с рамным рельсом, в том числе отсутствия провеса между подошвой и рабочей поверхностью стрелочных башмаков или наличия зазора не более двух миллиметров при отсутствии понижения остряка против рамного рельса.

Начальникам станций рассказали, как правильно определять износ металлических частей верхнего строения пути, критические расстояния на стрелочных переводах и неисправности, угрожающие безопасности движения.

Железнодорожники на практике проверили состояние стрелочных переводов, плотность прилегания остряка к рамному рельсу и наличие типовых шплинтов на болтах крепления серег к остряку.



По словам Булатбека Альмуразаева, не менее важно при осмотре обращать внимание на наличие нумерации и указателей нормального положения стрелок, исправность сигнальных и электротяговых джемперов согласно эпюре и правильность их установки, надежность крепления элементов стрелочной гарнитуры и электропривода в соответствии с установочным чертежом, наличие и исправность рельсовых стыковых соединителей, электротягов и уравнивающих джемперов для пропуска обратного тягового тока. Стоит учитывать, что при изломе проволок более 30%

электротяговая перемычка меняется.

Кроме того, участники обучения рассмотрели вопросы надежности и бесперебойности работы устройств маневровой, громкоговорящей и парковой радиосвязи, изоляции приборов, колонок – ПСГО, действие радиосвязи коротковолнового диапазона-КВ.

– Если все пункты комиссионного осмотра будут выполнены должным образом, то непредвиденных ситуаций в безопасности движения можно избежать, – резюмировал Булатбек Альмуразаев.

Фото автора



СВЕСТИ РИСКИ НА НЕТ



БЕЗОПАСНОСТЬ

С начала года от машинистов Матайского эксплуатационного локомотивного депо в Книгу замечаний отправлено 768 рапортов, что на 113 больше, чем за аналогичный период прошлого года.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

На технических занятиях и планерных совещаниях с локомотивными бригадами прорабатываются все обстоятельства проездов запрещающих сигналов, сходов, столкновений, допущенных ранее, и их причины. Также установлен ежедневный контроль над своевременной отправкой информации по рапортам машинистов тепловоза. Кроме

того, машинисты-инструкторы совершают поездки с локомотивными бригадами и следят за выполнением регламента переговоров, приемки и сдачи поездов. В депо практикуются собеседования с локомотивными бригадами. Такая форма общения является более продуктивной.

– Подобные совещания являются важным и наиболее эффективным средством проведения профилактической работы в вопросах обеспечения безопасности

движения поездов, – говорит ревизор по безопасности локомотивного хозяйства Алматинского отделения грузовых перевозок Айдын Увалиев.

В Матайском эксплуатационном локомотивном депо ежедневно ведется контроль над своевременной отцепкой локомотивов на плановые виды сервисного обслуживания, не допуская межремонтных перепробегов.

В свою очередь, локомотивными бригадами ТЧЭ-26 применено 29 экстренных торможений по недопущению наездов против 28 в 2021 году.

Так, участки Уштобе – Курушдаласы, Коксу – Биже и Коксу – Кальпе считаются проблематичными, именно здесь чаще происходят столкновения с безнадзорным скотом. Особенно в летний период, когда выпас скота идет вразрез с общепринятыми правилами. В локомотивном депо разработан комплекс мер, предусматривающий всемерное повышение требовательности к работникам на всех уровнях управления за выполнением обязанностей в сфере безопасности, а также строгий отбор кадров, их обучение, укрепление дисциплины, повышение уровня контроля. Поэтому детальный разбор каждого случая нарушения безопасности выявляет все причины, повлекшие за собой то или иное происшествие. Наблюдается и такая тенденция, что нарушения совершают не новички, а люди, не один год водящие локомотивы. У некоторых возникает ложное спокойствие, мол, все знаю, все умею, раньше ничего не случилось и сейчас не случится. Это очень пагубный настрой, и в депо делается все, чтобы риск был сведен на нет.

Фото автора

ЗНАНИЯ ЦЕНОЮ В ЖИЗНЬ



МЕСЯЧНИК

«Железная дорога – зона повышенной опасности» – под таким названием в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» прошел очередной месячник, направленный на профилактику и предупреждение происшествий с участием школьников и местных жителей.

Руслан РАХМЕТОВ,
Кокшетау


В пользу своевременности акции говорит целый ряд факторов, но достаточно одного: наступили летние школьные каникулы, и зачастую детвора забывает об элементарных мерах безопасности. Поэтому важно еще раз напомнить подросткам, что магистраль бесценности не прощает. В связи с этим с 16 мая по 16 июня на всех железнодорожных предприятиях региона было решено провести месячник «Железная дорога – зона повышенной опасности».

В течение данного периода железнодорожники совместно с сотрудниками ЛОП, ЛМП, ВЖД, НЖС провели 74 рейда по выявлению нарушителей в зоне железнодорожных путей,

раздавали местному населению памятки с информацией о правилах нахождения на объектах магистрали. Железнодорожники неустанно напоминают молодежи об опасности селфи и прогулок рядом с путями в наушниках, подлезания под вагоны и о высоком напряжении оборудования.

– Впереди у детей три месяца отдыха, и очень хочется, чтобы он не был ничем омрачен, – говорит директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Әділхан Дәкенов. – Ряд аналогичных профилактических акций запланирован на сентябрь, когда ребята пойдут в школу.

Также в программе месячника безопасности – беседы со школьниками, лекции, демонстрация роликов. Всего в учебных



заведениях, школах проведено 159 разъяснительных бесед с охватом 4 139 учащихся. С жителями населенных пунктов – 147 бесед с охватом 1 322 человек.

В социальных сетях размещено 15 видеороликов о правилах нахождения на железнодорожных путях, опубликовано три статьи в районных газетах. В школьных группах WhatsApp продемонстрировано 15 видеороликов, 35 памяток по предотвращению несчастных случаев с посторонними гражданами.

К сожалению, несмотря на принимаемые меры, часть граждан то и дело старается «прошмыгнуть» на другую сторону через пути. Причем не останавливают даже предупреждающие знаки и ограждения.

Фото автора

БЫТЬ ГОТОВЫМИ К ЛЮБЫМ СИТУАЦИЯМ

Айлин БАУРЖАН,
Кокшетау



ОБУЧЕНИЕ

В Акмолинском отделении ГП прошло двухдневное обучение работников на должность начальников станций, их заместителей и инженеров отделений.

В ходе занятий участники рассмотрели вопросы организации внутреннего контроля деятельности в области производственной безопасности в АО «НК «КТЖ» и его дочерних организациях, правила разработки типовой инструкции по составлению ТРА станций. График обучения оказался плотным и тематически насыщенным. Молодым специалистам рассказали о выполнении нормативов личного участия в организации обеспечения безопасности движения поездов, разъяснили правила перевозок грузов железнодорожным транспортом, а также основные эксплуатационные показатели работы станции.

– Главная цель обучения – повысить уровень готовности начальников станций и их заместителей к проведению комиссионного осмотра дороги и объектов инфраструктуры, – отметил главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржакин.

В первый день работники прослушали лекции, разбирали в теории специфику той или иной неисправности, а в последующем под руководством наставников закрепляли знания на практике в ходе показательного комиссионного осмотра на станции Кокшетау-1. Здесь оценивались навыки работы с технической документацией, проверялась способность действовать в нестандартных ситуациях, причем не только в качестве исполнителя, но и контролирующего лица.

По итогам двухдневного обучения с работниками проведен зачет по всем изученным темам. Конечно, серьезные испытания у них еще впереди. Но этот первый «зачет» наглядно показал, что они многому научились за время учебы.

ПУТЬ ДЛЯ БУРЕНОК ЗАКРЫТ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПРОФИЛАКТИКА

В Костанайском отделении магистральной сети активизировали работу по предотвращению выхода бродячего скота на железнодорожные пути.

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Адильбек Касымғалиев, в отделении принимают все необходимые меры для того, чтобы максимально обезопасить пути от бродячего скота. Оставленные без присмотра коровы так и норовят выйти на пути. Потому железнодорожники делают все возможное, чтобы исключить подобное развитие событий.

– Несмотря на принимаемые меры, проблема остается актуальной, поскольку ее полное решение в немалой степени зависит и от сознательности скотовладельцев, и от содействия местной исполнительной власти, – говорит Адильбек Касымғалиев.

Чтобы избежать возможных инцидентов с выходом скота на рельсы, работники отдела пути проводят профилактические рейды, беседы с людьми, а также выдают выписки из кодекса о недопустимости выпаса скота в районе железной дороги. Скотовладельцам доходчиво разъяснили все возможные последствия выхода скота на пути. В довершение к этой работе сотрудники отдела пути регулярно проводят совместные рейды с сотрудниками ЛОВД.

Профилактика дает свои результаты. На данный момент наездов на скот не зафиксировано.

ЛИКБЕЗ ДЛЯ ПАССАЖИРОВ

Анна МАРЬИНА,
Уральск



ПРАВОПОРЯДОК

Линейным отделом полиции (ЛОП) по станции Уральск проведены разъяснительные беседы с пассажирами непосредственно в пассажирском поезде 51/52 сообщением Уральск – Алматы-2 с целью профилактики правонарушений на железнодорожном транспорте.

В беседах с пассажирами приняли участие заместитель начальника ЛОП на станции Уральск майор полиции Жандос Исабеков и инспектор государственной миграционной службы лейтенант полиции Мирас Талгатов. Они подробно разъяснили положения действующего миграционного законодательства, включая правила передвижения иностранных граждан в Казахстане.

Не меньшее внимание было уделено разъяснению норм законодательства в сфере железнодорожного транспорта, при этом акцент сделан на таких правонарушениях, как «Приставания в общественных местах» (ст. 449), «Торговля в неустановленных местах» (ст. 204), «Мелкое хулиганство» (ст. 434) и «Запрет на курение в отдельных общественных местах» (ст. 441) КоАП РК. Напомнили также и о правилах безопасности на железной дороге.

Так называемые встречи на колесах с пассажирами поездов и поезными бригадами линейным отделом полиции на станции Уральск проводятся регулярно с целью повышения доверия к полиции и правовой культуры граждан, формирования у населения принципа «нулевой терпимости» к беспорядкам и мелким правонарушениям.

ЖИВАЯ ЛЕГЕНДА



Легендарный паровоз-памятник, украшающий столичную привокзальную площадь, в этом году отметил вековую юбилей. С момента установки его внешний вид своими силами сохраняют работники Астанинского эксплуатационного локомотивного депо, однако периодически ценный экспонат страдает от рук вандалов.

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Проблему надлежащего содержания этого исторического объекта железнодорожники и ветераны отрасли поднимают давно. Так как паровоз не находится в муниципальной собственности, власти столицы и полицейские не несут ответственности за его состояние и охрану. Работники депо самостоятельно делают косметический ремонт, чистят, чинят, красят локомотив, однако уследить за хулиганами, которые время от времени наносят ему очередной ущерб, нет возможности.

Одним из вариантов сохранения памятника является включение паровоза в список объектов культурного наследия столицы. С таким предложением Казпрофтранс и мы уже не первый год обращаемся к руководству города, – делится наболевшим Почетный железнодорожник, бывший машинист-инструктор, ныне руководитель музея столичного локомотивного депо Владимир Ульянов. – Это память о боевом и трудовом героизме железнодорожников, и он должен жить.

История старейшего в Казахстане паровоза действительно достойна уважения. Локомотив лимитированной серии ЭШ произведен по заказу СССР на одном из заводов шведской компании NOHAV в 1922 году. В тридцатых годах прошлого века он обслуживал участки Турксиба. В годы Великой Отечественной войны обеспечивал перевозку грузов к прифронтовой полосе и не раз попадал под обстрелы и бомбежки. Уже после войны, очищая паровоз от слоев краски, железнодорожники увидели историческую надпись «Смерть немецким оккупантам!», а также обнаружили десятки залатанных пробоин и осколков. В 1945 году его передали в Жамбылское локомотивное депо, где он еще 40 лет приносил пользу в маневровом



движении. В 1982 году паровоз установили на постамент там же в депо, где он простоял более 20 лет. А в 2004-м в честь векового юбилея Казахстанской железной дороги паровоз-памятник перенесли на привокзальную площадь в столицу.

С тех пор забота о нем лежит исключительно на плечах железнодорожников.

Каждый день по пути на работу я визуальную осматриваю паровоз, зачастую приходится делать замечания жителям и гостям столицы, которые взбираются на кабину все оборудование, украл некоторые металлические узлы, разбили стекла, – сетует Владимир Васильевич.

Вместо новых стекол железнодорожники намеренно установили закрытые алюкобондовые плиты, но впоследствии и их повредили – разрисовали, погнули.

Установка камер, ограждения, табличек позволила бы пресекать и отслеживать такие моменты. У депо и отраслевого профсоюза, к сожалению, нет возможности произвести установку за свой счет. Мы надеемся, власти города

обратят внимание на проблему поддержания памятника в надлежащем состоянии, ведь для многих именно с привокзальной площади начинается знакомство со столицей и даже страной, а встречает их наш паровоз, – говорит Владимир Ульянов.

Согласился с ним и местный житель – ветеран труда Иван Оробец.

Часто провожу время на лавочке в этом сквере, смотрю на паровоз, вспоминаю молодость, когда и сам трудился в локомотивном депо. Ради нашего и будущих поколений мы обязаны сохранить этот исторический объект, – говорит Иван Федорович.

К слову, в 2014 году памятник посетил посол Швеции в Казахстане и был искренне восхищен этим «долгожителем» и его практически первозданным обликом. Железнодорожники надеются, что паровоз серии ЭШ-4161 однажды будет внесен в список памятников культурного наследия страны и охраняемых государством памятных объектов столицы. По этому вопросу АО «Казпрофтранс» направило официальное письмо руководству города и ждет ответа.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ТЕМІРЖОЛШЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасында облыс бойынша Таулы Қарабақ соғысына қатысқан ардагерлер ұйымының ашылу салтанаты өтті.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Осы жиында Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының электромонтері Рабит Тасқынбаев «Qazaqstan ardağeri» төсбелгісімен марапатталды.

«Таулы Қарабақ ардагерлері мен мүгедектерінің республикалық одағы» ҚБ төрағасы Ерғали Базарбаев бейбіт күндегі қақтығыстан тұтанған соғыс отын өшіруге аттанған сарбаздар құрамында болып Отан алдындағы борышын айбоймен атқарған Рабит Тасқынбаевтың кеудесіне марапатын тағып, ұйым атынан алғыс айтты.

Дистанцияда ҰОС ардагері Төлеген Жүнісовпен қатар Ауған соғысы және Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысқа қатысып жауынгерлік борышын өтеген Рабит Тасқынбаев пен Арыстан Баймұраев сынды ерлерімізге де лайықты құрмет көрсетеміз. СОБ және байланыс электромонтері



болып жұмыс жасайтын екі әріптесіміз де өз кәсібінің маманы, тәжірибелі теміржолшылар, – дейді дистанцияның кәсіподақ ұйымы төрайымы Ғалия Қожахметова.

Суретті түсірген автор

НАСТРОЕНИЕ В КАРТИНАХ



В музее железнодорожного транспорта АО «НК «КТЖ» филиал «Астана» ОО «Казпрофтранс» состоялся победитель конкурса рисунков, проходившего в рамках объявленного Года детей.



Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Нур-Султан

Как известно, Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев объявил 2022 год Годом детей. Гармоничное развитие и счастливое детство подрастающего поколения – наша общенациональная задача, – отметил председатель филиала «Астана» Серик Сарсекеев.

В связи с этим профсоюзными

организациями железнодорожного узла организован конкурс детского рисунка. Участие в нем приняли более 100 детей работников отрасли. 15 лучших работ, отмеченных профсоюзными организациями филиала, было решено разместить в музее, где каждый работник

шедеврами юных художников.

Конкурс детского рисунка мы проводим уже не первый год, и желающих принять в нем участие становится все больше. Родители видят, какой живой интерес конкурс вызывает у детей, ведь каждый ребенок вкладывает в свой рисунок не просто старание, но и кусочек души. Красками и фломастерами они изображают родной дом, окружающий мир и железную дорогу. К примеру, четырехлетний Абдулсалам Мансур из зерен выложил паровоз, – говорит эксперт филиала «Астана» Марал Сагиндықова.


Все участники конкурса получили благодарственные письма и памятные подарки в виде наборов и принадлежностей для рисования.

В завершение для детей и их родителей была проведена экскурсия по музею железнодорожного транспорта.

Фото Александра ЖАБЧУКА



ГОРЫ, СОЛНЦЕ, ВОЗДУХ



80 детей железнодорожников Алматинского региона отправились на отдых в детский оздоровительный лагерь «Спутник»

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Дети отдохнут, наслаждаясь свежим воздухом. В программе – физическая активность, развлечения, творчество, игры. Каждому ребенку в лагере представлена возможность почувствовать себя лидером, организатором и активным участником мероприятий.

Педагогический коллектив ставит своей задачей формирование у детей творческого мышления, раскрытие организаторских навыков, формирование вкуса, музыкальных и художественных способностей, для чего предусмотрено проведение различных конкурсов, театральных постановок, викторин, диспутов.

В основном путевки получили дети из многодетных и малообеспеченных семей. Для любого возраста пребывание в лагере – это шанс проявить самостоятельность, стать взрослее, найти новых друзей и интересно провести каникулы, – говорит председатель профсоюзного комитета Алматинского отделения магистральной сети Мағаш Узақова.

Для обеспечения безопасности ребят в окрестностях лагеря проведена санитарная обработка против клещей, обрезка сухих веток. Территория красочно расписана, благоустроена и технически оборудована. В распоряжении ребят футбольное поле, волейбольная и баскетбольная площадки, игровой зал.

Фото автора

АРДАГЕР ҰСЫНЫС АЙТАДЫ



Жақында редакциямызға Түркістан облысы Арыс қаласынан хат келіп түсті. Хат авторы, бүгінде зейнеттегі Құрметті теміржолшы Тәуекел Әділбеков төл газетіміз арқылы өз ұсынысын жеткізгісі келетінін жазады.

Автор Мемлекет басшысының шешімімен Қапшағай қаласына ірі мемлекет қайраткері, қазақтың біртуар ұлы Дінмұхамед Қонаевтың есімі берілгенін қуана қабыл алғандарын жеткізген. Сонымен қатар, ол теміржол бойында Қонаев есімімен байланысты бірде-бір

нысан жоқтығын еске салып, Өзбекстанмен шекаралас Сарыағаш бекетіне Д. Қонаев есімін беру туралы ұсыныс айтады. Бұл ұсынысты ардагер бірінші рет қозғап отырған жоқ. «Кезінде өзім төл газетіміз «Қазақстан теміржолшысы» газетіне, нақты айтқанда, 2004 жылғы

№34 санына «Аманат айтсам деп едім», 2006 жылғы №47 санына «Тоғай толғанып болғанда», 2008 жылғы №103 санында «Ұсыныс қолдау тапса игі» деген тақырыптарда мақалалар жаздым. Сол кезде мен Өзбекстан темір жолы қарамағында өгей күй кешкен Шенгелді-Сарыағаш, Жетісай-Мақтаарал темір жолдарының жай-күйін көтеріп, Сарыағаш бекетіне Қонаев есімі беріле деп жазғанмын. Енді қанша жыл өткеннен кейін сол ұсынысымды тағы қайталап, көпшіліктен қолдау табар деп үміттенмін», – деп жазады хат иесі.

Ұлан ОРАЗ

«ТҮЛПАР» ТАПҚЫРЛЫҚ ТАНЫТТЫ



Биыл «Қазақстан темір жолы» компаниясына 25 жыл және Салалық кәсіподақ ұйымының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Соған орай жер-жерде өтіп жатқан мерейтойлық старт Атырауда да жалғасын тапты.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Салалық кәсіподақ ұйымының Атырау өңірі өкілдігінің ұйымдастыруымен өткен спорттық шараға Атырау, Ақжайық, Тендік станциялары, Атырау локомотив, вагон пайдалану деполарының теміржолшылары мен бөлімшенің басқару аппараты мамандары қатысты. «Тұлпар» және «Жайық» атты екі командаға бөлінген қатысушылар әр топта 19 адамнан эстафета, түрлі кедергілерден өту, жүгіру, секіру сияқты спорттық ойындардан жарысты. Әрине, старт болғасын мұнда ең алдымен жылдамдық, шапшаңдық,

тапқырлық маңызды роль атқарады. Әсіресе, түрлі кедергілерден өту қиын әрі қызық болды. Бұл бір жағынан жұмысшылардың спорттық ойындарға деген бейімділігін, қызығушылықтарын арттырып, дене қозғалыстарын жеңілдету арқылы қан айналымын жақсартып, денсаулықтарын сауықтыруға үлкен сеп. Екіншіден, топпен бірге жұмыс істеуге, ауызбіршілікке, бірлікке шақырады.

Жарыс соңында «Тұлпар» командасы ептілікпен қатар тапқырлық танытып, алға озды. Екі команда да сый-сыяпатсыз қалмады, барлық қатысушыларға ақшалай сыйлық берілді. «Теміржолшылар арасында бұқаралық спортты дамыту



мақсатында алдағы уақытта да мұндай жарыстар ұйымдастырылатын болады» дейді кәсіподақ ұйымының спорт нұсқаушысы Ринат Иманғазиев.

Суретті түсірген автор



КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



КАЗҚОЛІККӘСПІ

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нур-Султан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Колдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аспан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Султан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.